

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Кепілді өтемнің талап етілмеген сомалары ерікті зейнетақы жарналары бойынша шоттарға аударылады

2021 жылдың 1 мамырынан бастап Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының (ҚДКБҚ) талап етілмеген кепілді өтем сомаларын ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есепке алынатын жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) есепке алу үшін БЖЗҚ-ға аудару тәртібін белгілейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормалары қолданысқа енгізіледі.

Егер депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болған және барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айырылған депозит салымшысы кепілдік берілген өтемді төлеу басталған күннен бастап бір жыл ішінде ҚДКБҚ-ға жүгінбесе, онда ҚДКБҚ кепілді өтемнің талап етілмеген сомасын ЕЗЖ есепке алынатын ЖЗШ-ға есепке жатқызу үшін БЖЗҚ-ға аударды.

Бұл 2021 жылғы 1 мамырдан кейін басталған жаңа сақтандыру жағдайларына (банкті лицензиядан айыру) қатысты, сондай-ақ банктердің төлемдер жүргізіліп жатқан салымшыларына қолданылады – олар үшін кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімі 2022 жылғы 1 мамырға дейін ұзартылады.

Бұдан басқа, ағымдағы жылдың 1 мамырынан бастап ЕЗЖ есепке алынатын ЖЗШ-ны автоматты түрде (өтініш бермей) ашу үшін БЖЗҚ-ға алғаш рет түскен:

- салымшы-жеке тұлғадан өз табысы есебінен өз пайдасына немесе салымшыдан (жеке/заңды тұлғадан) алушының пайдасына ерікті зейнетақы жарнасы;
- ҚДКБҚ-дан кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы негіз болып табылады.

Бұл ретте пайдасына төлемдер жүргізілетін жеке тұлғаны сәйкестендіру төлем тапсырысының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер (ТАӨ, ЖСН, туған күні) бойынша жүзеге асырылатын болады, ал барлық қажетті мәліметтер: жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаттың деректемелері туралы, тұрақты тұратын жері туралы, өзге де мәліметтерді БЖЗҚ мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен алатын болады.

Егер азаматтың БЖЗҚ-да ЕЗЖ есепке алынатын ЖЗШ-сы бұрыннан ашылған болса, онда кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы осы шотқа есептелетін болады.

ЖЗШ-ға есептелген кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомалары ЕЗЖ-ның басқа сомалары сияқты тәртіпте инвестицияланатынын атап өткен жөн.

БЖЗҚ-да ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары бар адамдар оларды 50 жасқа толған кезде, мүгедектік туындаған кезде, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, кету ниетін немесе дерегін растайтын құжаттарды ұсынған шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар ретінде тұрақты тұруға кеткен кезде алуға құқылы.

Жоғарыда көрсетілген жағдайлар басталғанға дейін талап етілмеген соманы қайтару үшін салымшы «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Заңға сәйкес ҚДКБҚ-ға өтініш жасай алады. ҚДКБҚ өз кезегінде БЖЗҚ-ға хабарлама жібереді және қайтару жүргізіледі. Бұл ретте, егер БЖЗҚ салымшысының ЕЗЖ бойынша шоты автоматты түрде ашылып, ҚДКБҚ-ға қайтарылғаннан кейін қаражат қалмаса, онда ол бір айдан кейін автоматты түрде жабылады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

Невостребованные суммы гарантийного возмещения переведут на счета по добровольным пенсионным взносам

С 1 мая 2021 года вводятся в действие нормы Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам восстановления экономического роста», регламентирующие порядок перевода Казахстанским Фондом Гарантирования Депозитов (КФГД) невостребованных в течение года сумм гарантийного возмещения в ЕНПФ для зачисления на индивидуальные пенсионные счета (ИПС) для учета добровольных пенсионных взносов (ДПВ).

Если вкладчик депозита в банке, который являлся участником системы обязательного гарантирования депозитов и который лишили лицензии на проведение всех банковских операций, в течение одного года с даты начала выплаты гарантийного возмещения не обратился в КФГД, то КФГД переведет невостребованную сумму гарантийного возмещения в ЕНПФ для зачисления их на ИПС для учета ДПВ.

Это касается новых страховых случаев (лишения банка лицензии), наступивших после 1 мая 2021 года, а также распространится на вкладчиков банков, по которым уже идут выплаты - для них срок выплаты гарантийного возмещения продлится до 1 мая 2022 года.

Кроме того, с 1 мая текущего года основанием для автоматического (беззаявительного) открытия ИПС для учета ДПВ будет являться первичный (-ая) поступивший (-ая) в ЕНПФ:

- добровольный пенсионный взнос от вкладчика-физического лица в свою пользу за счет своего дохода или от вкладчика (физического/юридического лица) в пользу получателя;
- невостребованная сумма гарантийного возмещения из КФГД.

При этом идентификация физического лица, в пользу которого будут производиться платежи, будет осуществляться по персональным данным (ФИО, ИИН, дате рождения), указанным в электронном формате платежного поручения, а все необходимые сведения: о реквизитах действующего документа, удостоверяющего личность физического лица, о месте постоянного проживания, прочие сведения будут получены ЕНПФ из соответствующих информационных систем государственных органов.

Если же у человека уже есть ИПС для учета ДПВ уже открыт в ЕНПФ, то невостребованная сумма гарантийного возмещения будет зачислена на данный счет.

Следует отметить, что зачисленные на ИПС невостребованные суммы гарантийного возмещения будут инвестироваться в таком же порядке, как и другие суммы ДПВ.

Лица, имеющие пенсионные накопления за счет ДПВ в ЕНПФ, вправе получить их при достижении 50 лет, при наступлении инвалидности, при выезде на постоянное место жительства за пределы Республики Казахстан в качестве иностранцев и лиц без гражданства, представивших документы, определенные законодательством Республики Казахстан, подтверждающие намерение или факт выезда.

Для возврата невостребованной суммы до наступления вышеуказанных условий вкладчик может обратиться в КФГД в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан. КФГД, в свою очередь, направит уведомление в ЕНПФ и возврат будет произведен. При этом, если счет по ДПВ вкладчика ЕНПФ был открыт автоматически и после возврата в КФГД на нем не остается средств, то он закрывается автоматически через месяц.